

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 966 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжаттар; N 19, 370-құжаттар; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат, N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж. N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж. N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат):

156-баптың 4-тармағы "ережелерінде" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес қаржы мониторингінің уәкілетті органына ұсынылатын мәліметтерден басқа," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж.

, N 3 - 4 , 1 6 - қ ұ ж а т) :

8 3 0 - б а п т ы ң 5 - т а р м а ғ ы н д а :

3) тармақша "сот ұйғарымы" деген сөздерден кейін "немесе қаулы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) қаржы мониторингінің уәкілетті органына - Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасымен көзделген мақсатта және тәртіппен;"

3. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 168-3-баппен толықтырылсын:

"168-3-бап. Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң актілерінің бұзылуы

1. Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялары туралы ақпаратты құжаттық тіркеу, сақтау және ұсыну бөлігінде Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң актілерін б ұ з у ы , -

лауазымды адамға екі жүзден екі жүз жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - үш жүз елуден төрт жүзге дейінгі айлық есептік айырысу көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қаржы мониторингі субъектілерінің ішкі бақылау ережелерін және оны қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеу жөнінде міндеттерді орындамауы, - лауазымды адамға екі жүз жиырмадан екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - сегіз жүзден тоғыз жүзге дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Қаржы мониторингі субъектілері лауазымды адамдарының қаржы мониторингінің уәкілетті органына берілген ақпараты туралы өз клиенттері мен өзге тұлғаларды хабардар етуі, - айлық есептік көрсеткіштің бір жүз қырықтан бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші-үшінші бөлімдерінде көзделген әкімшілік жаза тағайындалғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасаған сол әрекеттері үшін, - лауазымды адамға айлық есептік көрсеткіштің үш жүз сексеннен төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салынады, заңды тұлғаға - бір мыңнан екі мыңға дейінгі мөлшерінде белгілі бір қызметке арналған лицензиясының әрекетін алты айға дейінгі мерзімге немесе заңды тұлғаның әрекетін сол мерзімге тоқтата отырып.

2) 541-баптың бірінші бөлігі "168-1" деген сандардан кейін "168-3" (төртінші бөлмеде)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 571-2-баппен толықтырылсын:

"571-2-бап. Қаржы мониторингінің уәкілетті органы

1. Қаржы мониторингінің уәкілетті органы осы Кодекстің 168-3-бабында (бірінші-үшінші бөліктерінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қ а р а й д ы .

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға қаржы мониторингі органының басшысы және оның орынбасарлары құқылы .";

4) 636-баптың бірінші бөлігінің бірінші тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"қаржы мониторингінің уәкілетті органы (168-3-бабы (бірінші бөлімі), 356."

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат):

518-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес қаржы мониторингінің уәкілетті органына ұсынылатын;"

5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат):

398-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес қаржы мониторингінің уәкілетті органына құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;"

6. Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне N 548-II (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 20, 116 - құжат) :

50-баптың 1-тармағының 3)-тармақшасы мынадай редакциядағы бөлікпен толықтырылсын :

"қаржы мониторингін жүзеге асыру;"

7. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9 - құжат ; N 5 , 27 - құжат) :

22-баптың 1-тармағының 3)-тармақшасындағы "лицензиар" деген сөзден кейін " немесе сот" деген сөздермен толықтырылсын.

8. "Қазақстан Республикасындағы банк және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар):

1) 48-баптың 1-тармағы мынадай редакциядағы 3-1)тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (

жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң актілерінде көзделген талаптарды үнемі (қатарынан он екі күнтізбелік айнамалық ішінде үш және одан көп рет) бұзуы;"

2) 50-баптың 4-тармағының 2-бөлігі "Банктердің" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі уәкілетті органының қаржы мониторингіне жататын операциялары туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 5 1 - б а п т а ғ ы :

1-тармақтың екінші бөлігі: "жағдайларда" деген сөзден кейін "сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң актілерінде көзделген жағдайларда," сөздермен толықтырылсын;

мынадай редакциядағы 3-бөлікпен толықтырылсын:

"Жеке тұлғаның банктік шоттарындағы шығыс операциялары Қазақстан Республикасы заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң актілерінде көзделген жағдайларда уақытша тоқтатылуы мүмкін."

9. "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат):

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдау мақсатында қаржы мониторингін жүзеге асырады";

2) 9-бап "мамандандырылған прокуратуралар" сөздерден кейін ", сондай-ақ комитеттер және олардың аумақтық бөлімшелері" сөздермен толықтырылсын;

3) 1 0 - б а п т а :

тақырыбында "және оның орынбасарлары" деген сөздері ", оның орынбасарлары және комитет төрағалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "мен орынбасарларын" сөздер ", орынбасарларын және комитет төрағаларын" сөзбен ауыстырылсын;

3-тармағы "тиісті" сөзден кейін "комитеттердің" сөзбен толықтырылсын;

4) 1 1 - б а п т а :

4-1)-тармақ мынадай мазмұндағы 3-бөліммен толықтырылсын:

"қаржы мониторингінің барлық субъектілері үшін міндетті қаржы мониторингінің

мәселелері

бойынша;";

7)-тармағы "комитеттердің төрағаларының орынбасарларын," деген сөздермен басталсын;

5) 57-баптың 3-тармағындағы "қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрлері, Қазақстан Республикасының банк мекемелерінде" деген сөздері "мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері, бюджеттің орындалуы бойынша орталық өкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 139-құжат; N 21-22, 160-құжат):

1) 42-баптың 11-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң актілерінде көзделген талаптарды үнемі (күнтізбелік он екі ай ішінде қатарынан үш және одан көп рет) бұзуы;"

2) 50-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) қаржы мониторингінің уәкілетті органына - Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасымен көзделген мақсатта және тәртіпте;"

11. "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат; N 24, 338-құжат):

1) 3-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақшамен толықтырылсын:

"6-1. Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасымен көзделген мақсатта және тәртіпте қаржы мониторингінің уәкілетті органына нотариалдық әрекеттер туралы мәліметтер ұсынылады.";

2) 10-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң актілерінде көзделген талаптарды үнемі (жүйелі он екі күнпарақтық айы ішінде үш және одан көп рет) бұзғанда;"

12. "Ақша төлемі мен аударымы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N

11-12, 177-құжат; N 24, 445-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2003 ж., N 4, 25-құжат; N 10, 49, 51 - құжат) :

35-баптың 5-тармағы "тоқтатыла тұруға тиіс" деген сөздері ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасымен көзделген жағдайларда тоқтатыла тұруға тиіс" деген сөздерімен ауыстырылсын.

13. "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 13, 196-құжат):

1) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес қаржы мониторингінің уәкілетті органына мәліметтерді хабарлауға;"

14. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 15, 209-құжат; 1999 ж., N 21, 744-құжат; 2000 ж., N 5, 116-құжат; 2001 ж., N 13-14, 172-құжат; N 17-18, 241-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат):

9-баптың 10-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасымен көзделген мақсатта және тәртіпте қаржы мониторингінің уәкілетті органы қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерді ұсынады."

15. "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 22, 309-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 5-құжат; N 8, 52-құжат; 2002 ж., N 23-24, 193 - құжат; N 11, 56 - құжат) :

18-баптың 1-тармағы келесідей мазмұндағы 4-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес мәліметтерді қаржы мониторингінің уәкілетті органына хабарлауға;"

16. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі "Терроризмге қарсы күрес туралы" Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 19, 649-құжат; 2002 ж., N 4, 32-құжат) :

мынадай мазмұндағы 12-1 баппен толықтырылсын:

"12-1-бап Террористік іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін жауапкершілікке тартылған тұлғаларды және террористік ұйымдарды есепке алу

1. Терроризмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық

қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган сот шешімдерінің негізінде террористік іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін жауапкершілікке тартылған тұлғалардың және террористік ұйымдардың есебін жүргізеді.

2. Сот ұйымды террористік деп таныған не ұйым терроризмді жүзеге асырған жағдайда оны тарату арқылы қызметін тоқтата тұрған немесе оған тиым салған кезде және тұлғаларды терроризмді жүзеге асырғаны үшін жауаптылыққа тартқан кезде өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға ақпараттық есепке алу құжаттарын дереу жолдауға міндетті."

17. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 139-құжат):

1) 54-бабының 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасымен көзделген талаптарды үнемі (жүйелі он екі күнпарақтық айы ішінде үш және одан көп рет) бұзған;"

2) 57-бабының 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң актілерінде көзделген талаптарды үнемі (жүйелі он екі күнтізбелік айы ішінде үш және одан көп рет) бұзған;"

18. "Микрокредиттік ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылдағы 6 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14 , 19 - қ ұ ж а т) :

16-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) қаржы мониторингінің уәкілетті органына - Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасымен көзделген мақсатта және тәртіпте;"

19. "Кредиттік серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 28 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 5, 32 - қ ұ ж а т) :

21-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) қаржы мониторингінің уәкілетті органына - Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес;"

20. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 5, 32-құжат):

1) 43-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасымен көзделген мақсатта және тәртіпте қаржы мониторингінің уәкілетті органына;"

2) 51-бабының 1-ші тармағы мынадай мазмұндағы 8-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) Қазақстан Республикасы заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заң актілерінде көзделген талаптарды бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының үнемі (жүйелі он екі күнпарақтық айы ішінде үш және одан көп рет) бұзуы;"

21. "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24, 176-құжат):

12-баптың 3-бөлімі келесідей мазмұндағы 10-1)-бөлімшесімен толықтырылсын:

"10-1) террористік іс-әрекеттерді жүзеге асырғаны үшін жауапкершілікке тартылған тұлғаларды және сот террористік деп таныған ұйымдарды;"

22. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 13 маусымдағы 2005 ж. Заңындағы ("Казахстанская правда" 17.06.2005 ж. N 158-159):

1) 29-баптың 3-тармағы келесідей мазмұндағы 3-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес қаржы мониторингінің уәкілетті органына ақпарат ұсынуға;"

2) 31-баптың 2-тармағы келесідей мазмұндағы 1-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес қаржы мониторингінің уәкілетті органына ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;"

23. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25 желтоқсандағы, N 2727 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 168-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21, 277-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат ; N 18 , 157 - құжат) :

18-баптың екінші бөлімі: "актілерінің негізінде" сөздерінен кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК